

Койшыбаева Нургул Онгаровна, Шамшенова Мерей Бейбитовна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалім-модераторы
НЗМ Атырау
2025-2026 оқу жылы

Сабақ процесінде экспресс- дебат арқылы оқушылардың аргументтеу дағдысын қалай дамытуға болады?

Аннотация

Зерттеудің өзектілігі қазіргі білім беру ортасында оқушылардың ақпаратты жай меңгеруі емес, оны талдап, салыстырып, дәлелдеп, негізделген қорытынды жасай алу қажеттілігімен айқындалады. Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10–11-сынып оқушыларының сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерін талдау барысында аргументативті жазылым дағдыларының жеткіліксіз қалыптасқаны анықталды. Оқушылардың бір бөлігі дереккөздерді жалаң қолданып, дәлелдерді талдау мен тұжырым жасауда қиындықтарға тап болған.

Зерттеудің мақсаты – сабақ процесінде экспресс-дебат әдісін қолдану арқылы оқушылардың аргументтеу дағдысын дамыту тиімділігін анықтау. Ис-әрекеттегі зерттеу 70 оқушыны қамтыды. Зерттеу барысында сабақ жоспарлау, өткізу, бақылау, рефлексия, сауалнама және кәсіби талқылау **әдістері** қолданылды. Бағалауда дескрипторлармен қатар «сенімділік шкаласы» және Т.В.Светенконың аргументтеу кестесі енгізілді. Сауалнама нәтижелері бастапқы кезеңде оқушылардың басым бөлігі аргументтерді талдау, дәлелдерді өзара байланыстыру және сенімді аргумент таңдау дағдыларында қиындықтар болғанын көрсетті. Зерттеу соңында экспресс-дебаттың оқушылардың аргумент таңдау, көпшілік алдында сөйлеу, өзін-өзі бағалау, эссе жазуда дәлелдерді тиімді қолдану қабілеттерін арттырғаны байқалды.

Зерттеу нәтижелері экспресс-дебаттың аргументативті ойлау, сыни талдау және рефлексия дағдыларын дамытуға ықпал ететін тиімді әдіс екенін дәлелдейді. Экспресс-дебат әдісін жүйелі қолдану арқылы оқушылардың аналитикалық және зерттеушілік қабілеттерін кешенді түрде жетілдіруге мүмкіндік беруі **практикалық мәні** ретінде танылды.

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушының білімді жай меңгеруі жеткіліксіз. Ол ақпаратты талдап, салыстырып, дәлелдеп, өзіндік қорытынды жасай алуы тиіс. Осы талап тұрғысынан қарағанда, Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10–11-сынып оқушыларының сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері негізінде жасалған аналитикалық есепте **маңызды педагогикалық мәселе** анықталды. Аналитикалық есепті талдау барысында оқушылардың аргументативті жазылым дағдыларының жеткілікті деңгейде қалыптаспағаны байқалды. Атап айтқанда, оқушылардың бір бөлігі тек бір дереккөзге сүйеніп, дәлелдерді жан-жақты талдамай қолданса, кейбірі деректерді орынсыз немесе жалпылама келтірген. Сонымен қатар, көп жағдайда ақпарат тек баяндау сипатында беріліп, өзіндік талдау мен қорытынды жасалмаған.

Аталған **мәселенің маңыздылығы** бірнеше дәлелдермен негізделді. Біріншіден, аргументативті жазылым – сыни ойлаудың негізгі көрсеткіші. Егер оқушы деректі тек келтіріп, оның мәнін ашып, мәселе аясында бағалай алмаса, білімнің терең игерілуі жүзеге аспайды. Екіншіден, эссе мен мақсатты аудиторияға бағытталған жазба жұмыстарында дәлелді ой айту негізгі талап болып саналады. Сондықтан аргументті дұрыс таңдау, талдау және қорытынды жасау дағдылары жеткіліксіз болған жағдайда оқушылардың академиялық білімдері де шектеледі. Үшіншіден, бұл мәселе тек мектеп деңгейімен шектелмей, оқушының болашақта жоғары оқу орнында ақпаратты сараптау және негізделген шешім

қабылдау қабілеттеріне кері әсер етеді. Осыған байланысты аргументативті жазылым мәдениетін қалыптастыру мектеп кезеңінде стратегиялық маңызға ие.

Анықталған мәселе өзгерістің қажеттілігін айқын көрсетеді. Жай баяндау мен сипаттаудан аналитикалық және сыни ойлауға көшу жүйелі талдауды талап етеді. Бұл үдерісте оқушыларды бірнеше дереккөзбен жұмыс істеуге үйрету, дәлелдерді талдау және қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру, эссе құрылымын сақтай отырып, ойды логикалық дамыту және сапалы кері байланыс беру маңызды болып табылады. Бұл мәселе мектептің **стратегиялық басымдықтарымен** тікелей байланысты. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің негізгі мақсаты – функционалдық сауаттылығы жоғары, сыни ойлайтын, зерттеушілік мәдениеті қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Аргументативті жазылым дағдысын дамыту осы стратегиялық бағыттың ажырамас бөлігі болғандықтан, сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері оқу үдерісіне түзету енгізуге және аналитикалық, зерттеушілік дағдыларды күшейтуге негіз болды.

Іс-әрекеттегі зерттеу аясында мәселені нақтылау мақсатында сабақ барысында оқушыларға сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан 70 оқушының «**Аргументативті эссе жазуда қандай қиындықтар кездесті?**» деген 1-сұраққа жауабының талдау нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың басым бөлігі (55%) аргументтерді талдап, қорытынды жасау дағдысында қиындық көреді.



Бұл олардың дәлелдерді саралау және жеке пікірін негіздеу дағдылары жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын аңғартады. Ал 34% оқушы аргументті дұрыс таңдауда қиналатынын көрсеткен. Бұл мәселе тақырыпты терең түсіну, ақпаратты іріктеу және маңызды дәлелді ажырату қабілеттерімен байланысты. Эссе құрылымын сақтау - ең аз таңдалған жауап (11%). Бұл оқушылардың формалды құрылымды меңгеруі салыстырмалы түрде жақсы екенін білдіреді.

Аргументативті монолог құру кезінде қандай қиындықтар кездесті?



- А) аргументтердің әлсіз болуы
- Ә) өз-өзіме сенімділіктің болмауы
- Б) аргумент бойынша тұжырым жасау дағдымның жеткіліксіздігі

«Аргументативті монолог құру кезінде қандай қиындықтар кездесті?» сұрағындағы ең жоғары көрсеткіш – аргументтердің әлсіздігі (44%). Бұл жазбаша жұмысқа қарағанда ауызша сөйлеуде дәлелдерді нақты, сенімді түрде жеткізу қиынырақ екенін көрсетеді. 39% оқушы тұжырым жасау дағдысының жеткіліксіздігін таңдаған. Бұл бірінші сұрақтағы «өзіндік талдау мен түйін ұсыну» мәселесімен өзара байланысты. Демек, қорытынды шығару дағдысы жалпы проблема ретінде байқалады. Өзіне сенімділіктің болмауы (17%) ең төмен көрсеткіш болғанымен, ол да назар аударуды қажет етеді. Бұл- оқушылардың коммуникативтік және психологиялық даярлығына қатысты мәселе. Сауалнама нәтижелері оқушылар үшін негізгі қиындықтар ретінде аргументтерді терең талдау және қорытынды жасау мен нақты әрі сенімді аргумент таңдау, ауызша сөйлеуде дәлелдердің сапасын арттыруды көрсетті. Сондықтан оқу процесінде аргументті талдау жағтығуларын көбейту, пікірталас, дебат әдістерін қолдану, қорытынды жазу мен тұжырым жасауға арналған арнайы тапсырмалар беру, ауызша сөйлеу барысында сенімділікті арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізу қажет деген тұжырым жасауға болады.

Жалпы алғанда, сауалнама оқушылардың аргументативті ойлау дағдыларын дамыту бағытында жүйелі, практикалық жұмыстарды күшейту қажеттігін көрсетеді. Аталған мәселелерді тиімді шешу үшін оқыту үдерісіне дебат технологиясын енгізу идеясы таңдалды.

Дебатты оқыту тәсілі ретінде Эрнст Кассирер мен Мартин Хайдеггер секілді көптеген философтар, зерттеушілер қарастырды. Соның ішінде Е.Г.Калинкина «Дебаты на уроках истории» мұғалімге арналған оқыту-әдістемелік құралында оқу процесіндегі дебатты 3-ке бөліп, сабақтан тыс жұмыстар, өз бетімен оқуға арналған пән және сабақ процесіндегі әдістеме (зерттеу материалды игеру, іздену жұмыстары) ретінде ұсынады. Ал Т.В. Светенко «Путеводитель по дебатам» оқу құралында: «**Дебат оқушылардың бойындағы логикалық және сыни ойлау, өз ойын жүйелеп жеткізу, түрлі көзқарастарды қабылдай алу, өзіне сенімділік, топта жұмыс істей алу, мәселені терең зерделей алу, көпшілік алдында сөйлеу сияқты қабілеттерін дамытады**» деп жазады. Классикалық дебат, экспресс-дебат, өзгертілген дебат деп бірнеше түрлерге бөліп, экспресс-дебатқа «Бұл - бағдарлау және дайындық кезеңдері барынша азайтылған пікірталас түрі. Дайындық тікелей сабақта оқу материалын пайдалану арқылы жүзеге асады. Пікірталастың бұл түрін «кері байланыс» элементі, материалды бекіту құралы немесе танымдық белсенділікті арттыру тәсілі ретінде қарастыруға болады» деген анықтама беріп өтеді. AnnMarie Baines, Diana Medina, Caitlin Healy-дің «Using Debate as an Educational Tool» мақаласында «Пікірталас процесі өз алдына танымдық талаптарды талап етеді. Дебат сыныпта оқу процесін белсенді түрде қалыптастырады және барлығының, тіпті мұғалімнің де оқытуын қолдау болып табылады» деп түйін жасайды. Дебаттың оқу процесіндегі

артықшылықтары ретінде «**Ойлауда, жазуда және сөйлеуде жүйелілік пен құрылымды дамытып, сенімді және дәлелді жазуға дағдыландырады**» деген тұжырым ұсынады.

Берілген авторлардың зерттеу еңбектеріне зерделей келе, **Т.В. Светенко ұсынған экспресс-дебатты** мәселенің шешімі ретінде қарастыру дұрыс деп шешілді. Зерттеуге қатысуға 10а, 10в, 10с, яғни, барлығы 70 оқушы таңдалды. **Зерттеу кезеңдері ретінде:**

- сабақты жоспарлау, өткізу;
- оқушылардың процеске қатысын бақылау;
- сабақ процесінен кейін оқушылардан сұхбат алу;
- сабаққа рефлексия жасау;
- өзгерістерді анықтау;
- әріптестермен кәсіби әңгіме;
- оқушыларға түсіндіру жұмыстары;
- оқушыларға сауалнама жүргізу жоспарланды.

Зерттеу аясында әрекетті бірнеше рет қайталап, деректерді жинап, әрекеттердің кемшін тұстары қайта қаралып отыратын болды. Алдымен, оқушыларға дебаттың ұйымдастырылу кезеңдері мен әр оқушының спикер, таймкипер, төреші ретіндегі рөлі таныстырылды. Сыныптағы барлық оқушыны қамту үшін қысқа мерзімді сабақ жоспарын дайындау кезеңінде сыныптағы 22 не 24 оқушыны рөлдерге қалай бөлу керектігін, өз ұстанымын қорғауға қалай дайындалуға болатынын ескеріп, әр спикердің сөйлеу уақыты мен дайындалу кезеңі де ойластырылды. Сабақ тақырыбына және тыңдалым, оқылым мәтіндеріне негізделген қарарларды өзара талдап, қандай аргументтер ұсынуға болатынына болжам жасалды. Дайындалған сабақ жоспары алдымен 10 «а» сыныбына өткізіліп, рефлексия жасау барысында алдын ала рөлдерге бөліп тастау идеясының сәтті шыққаны анықталды. Оқушылар сабақ процесіндегі дебатқа бейімделіп кеткенше, мұғалімдер тарапынан рөлдер таңдап беру идеясын қалдыра тұру дұрыс шешім деп саналды. Дебат кезеңінде төреші тарапынан берілген бағаға келіспейтін тұстар байқалды. Сондықтан келесі 10в, 10с сыныбының сабағында мұғалім аргументтерді Т.В.Светенко ұсынған кесте бойынша бағалап отыратын болды.

аргумент	мықты	орташа	әлсіз

Сабақ басында оқушыларға 3 тыңдалым мәтіні бойынша (*Мәтіндерді тыңдап, әр мәтіндегі экономикалық теңсіздікке қатысты негізгі көзқарастарды/ мәселені атаңыз. Мәтіндердегі көзқарастардың қайсысына келісесіз? Неліктен? Өзіндік тұжырым жасаңыз*) тапсырма беріліп, талқылау жүргізілді.

Оқушыларға дебаттағы рөлі бөлініп, сөйлеу тәртібі таныстырылды. Экспресс-дебаттың талаптарына сай әр спикер 2 минут сөйлейді деп белгіленді.

Жоспар бойынша 3 сыныпқа сабақ өткізілген соң, араға уақыт салып, оқу бағдарламасындағы келесі тақырыпқа экспресс-дебат өткізген дұрыс деп саналды. Бірінші әрекеттен кейін бірден нәтижеге қол жеткізбейтініміз түсінікті еді. Сабаққа рефлексия жасау кезеңінде ұтымды тұстары деп, қарардың таңдалуы, Т.В. Светенко ұсынған кестенің тиімділігі, рөлдерді алдын ала айқындап алу, ресурстардың дұрыс таңдалуы бағаланды. Кедергілер ретінде төрешілерге ұсынылған бағалаудың тиімсіздігі, спикерлер сөзінің өзара логикалық байланысының жоқтығы, мықты аргументтерді ұсына алмауын және аргументтерді пайымдау, түсіндіру дағдыларының әлсіз екендігі байқалды.

Зерттеудің бірінші циклынан кейін мектептегі дебат клубының ұйымдастырушысымен кәсіби әңгіме құрып, бағалауды қалай өзгертуге болатыны туралы кеңес болды. Нәтижесінде, «сенімділік шкаласы» деген ұғымның негізінде бағалаудың жаңа түрін ұсынып көру қажеттілігі шешілді. 3 төреші алдыңғы бағалау дескрипторы бойынша, 3 төреші «сенімділік шкаласы» бойынша бағалап, себебін түсіндіретін болды. Сондай-ақ, оқушыларға аргументті алдымен ұсынып, содан кейін оны түсіндіріп, үшінші кадамы ретінде пайым жасау керектігі ескертілді.

деңгейлері бойынша талданып, оның позицияға сәйкестігі, дәйектілігі, логикалық байланысы және қарсы уәжбен жұмыс істеу сапасы ескерілді.

аргумент	мықты	орташа	әлсіз
1-аргумент		✓	
2-аргумент	✓		
3-аргумент		✓	
контураргумент	✓		

аргумент	мықты	орташа	әлсіз
1-аргумент	✓		
2-аргумент		✓	
3-аргумент		✓	
контураргумент			✓

Т.В.Светенко ұсынған тәсіл аргументтің күшті және әлсіз тұстарын анықтап, нақты критерийлерге сүйене отырып пікір білдіруде өте ұтымды болды. Нәтижесінде мұғалім оқушыларға аргументтеу дағдыларына қатысты сындарлы кері байланыс бере алды.

Зерттеудің 2-кезеңінен кейін оқушылар арасында өткізілген сауалнамаға барлық 70 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижелері бойынша «Сабақ процесіндегі экспресс-дебат сіздің қандай дағдыңызды дамытты?» деген сұраққа оқушылардың жауаптары олардың аргументативті құзыреттерінің қай бағытта көбірек дамығанын көрсетеді. Сауалнамаға қатысқан оқушының 20%-ы көпшілік алдында сөйлеу дағдысының артқанын белгілеген. Бұл көрсеткіш экспресс-дебаттың аудитория алдында еркін сөйлеуге ықпал еткенін аңғартса, 21% -ы ойды жүйелі жеткізу қабілетінің дамығанын көрсетеді. Сауалнамадағы ең жоғары көрсеткіш – 59% оқушының аргументті дұрыс таңдау дағдысын белгілеуі. Бұл экспресс-дебаттың ең алдымен, қолданған әдісіміздің ұтымды таңдалғанын дәлелдейді.



«Экспресс-дебаттан кейін қандай өзгерістерді байқадыңыз?» деген сұраққа берілген жауаптар оқушылардың рефлексия жасау және аргументативті дағдыларды саналы түрде дамыту деңгейін көрсетеді. Оқушының 36%-ы өз аргументінің әлсіз тұсын байқап, оны түзете алатынын белгілеген. Бұл оқушылардың енді тек пікір айтумен шектелмей, оның сапасын саралай алатын деңгейге жеткенін көрсетсе, 40%-ы дебатта меңгерген дағдыларын аргументативті эссе жазуда тиімді қолдана алатынын көрсеткен. Яғни, дебат барысында қалыптасқан ойды жүйелеу, дәлел таңдау, қарсы пікірді ескеру дағдылары жазылым сапасын арттыруға ықпал еткен. Ал 24%-ы аргумент бойынша тұжырым жасай алатынын

атап өткен. Бұл көрсеткіш алдыңғы сауалнамалардағы қорытынды жасау қиындықтарының біртіндеп азайып келе жатқанын көрсетеді. Қорытындылай келе, экспресс-дебат рефлексия, дәлел сапасын саралау және аргументативті жазылымға бейімдеу қабілеттерін дамытқан. Нәтижелер дебаттың теориялық білімді практикалық әрекет арқылы бекітетін және аргументативті ойлауды жүйелі түрде жетілдіретін тиімді әдіс екенін дәлелдейді.



Алынған нәтижелерге сүйене отырып, **білім беру тәжірибесін әрі қарай жетілдіруге ұсыныстар** ретінде мектептегі әріптестерге тәжірибе тарату, зерттеу мақаласын дайындап, семинарларда, педагогикалық оқуларда таныстыру жоспарланды. Зерттеу аясында көрінген нәтиже экспресс-дебаттың басқа пән мұғалімдерінің де оқытуында қолдануға тиімді екені анықталды. Сол себепті әріптестер арасында зерттеу сұрағы бойынша таныстырылым дайындалып, шеберлік сабағын өткізу жоспарланды. Қазақстан тарихы және география, орыс тілі, ағылшын тілі мұғалімдерімен бірге зерттеуді әрі қарай жүргізу арқылы тұтастыққа қол жеткізуге жұмыстану қажеттігі байқалды.

Жүргізілген зерттеудің маңыздылығын 11-сынып оқушыларының сыртқы жиынтық бағалау емтиханының талдауы және оқу мақсаттары негіздей түседі. Мұғалімдердің тәжірибесінде туындаған бұл сұрақ көптеген әріптестерді мазалайтыны өзара сұхбаттасу барысында да анық көрінді. Сондықтан зерттеу аясында экспресс-дебатты үздіксіз тәжірибеге енгізіп отыру оқушылардың аргументтеу, ұтымды аргументтерді таңдай алу, дәлелдермен тұжырым жасау, анализдеу дағдыларын дамытатынын анық көрсетті. Зерттеу жұмысы оқыту тәжірибесін жетілдіруге, оқу мақсатына қол жеткізуге ықпал етуімен құнды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Зияткерлік мектептері. (2025). *11-сынып оқушыларын сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері бойынша аналитикалық есеп*.
2. *Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1) пәнінің оқу бағдарламасы: Негізгі мектеп (6–10-сыныптар)*. (n.d.).
3. Калинин, Е. Г. (2011). *Дебаты на уроках истории: әдістемелік құрал*. Бонфи.
4. Светенко, Т. В. (2011). *Путеводитель по дебатам: Оқу құралы*. Бонфи.
5. Baines, A., Medina, D., & Healy, C. (2023, January 26). Using debate as an educational tool. *Edutopia*. <https://www.edutopia.org/article/using-debate-educational-tool/>

